

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 315 (2017), 221 – 225

UDC 811.512.1'373.46

**A.A. Seitbekova**

Institute of Linguistics named after A. Baytursynov MES RK  
[Ainurseit@mail.ru](mailto:Ainurseit@mail.ru)

**SEMANTIC CONTINUITY OF RELIGIOUS WORDS AND CONCEPTS  
 IN THE WRITTEN MONUMENT "GIFT OF TRUTH"  
 BY AHMED YUGNEKI WITH MODERN KAZAKH LANGUAGE**

**Abstract.** The article considers peculiarities of using semantic hues of ancient Turkic and Arab-Persian religious words in the written monument of Ahmed Yugneki "Gift of Truth", written in the XII century in the era of the Karakhanids. At the same time in this written monument religious concepts and words from the point of view of the semantic relationship with modern Kazakh language are divided into three groups. So the first group includes religious language units and concepts that have retained their significance to the present day; the second group includes religious language units that have undergone semantic changes; and the third group includes religious language units that were in the use of the indigenous people of that time, but not understandable to the modern reader. Along with that the article analyzes the use of religious language units that reflect the individual and the author's image of Ahmed Yugneki.

**Key words:** religious concepts, religious language units, semantic change, lexis, written monuments, borrowed words.

**A.A. Сейтбекова**

КР БФМ ФК А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

**АХМЕТ ЙҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ»  
 ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ДІНИ СӨЗДЕР МЕН ҰҒЫМДАРДЫң  
 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН СЕМАНТИКАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Түйін.** Мақалада XII ғасырда Қарахандықтар дәуірінде жазылған Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» жазба ескерткішінде түрлі семантикалық әрекеттерде қолданылған көне түркі мен араб және парсы сөздерінің қолданылу ерекшеліктері қарастырылады. Осылайша байланысты аталмыш жазба ескерткіштегі тіліндегі діни сөздер мен ұғымдар қазіргі қазақ тілімен семантикалық сабактастырылған түрлісінан үш топқа бөліп талданады. Яғни, бірінші топқа жазба ескерткіш мәтінінде беретін мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы өзгермей сол күйінде сакталған діни тілдік бірліктер, екінші топқа семантикалық өзгерістерге ұшыраған діни тілдік бірліктер, үшінші топқа сол замандағы жергілікті халық тілінде ұшырасатын қазіргі оқушыға түсініксіз діни тілдік бірліктер мен ұғымдар жатады. Сонымен қатар мақалада Ахмет Йүгінекидің индивидуалдық авторлық бейнесін танытатын діни тілдік бірліктердің қолданысы да қарастырылады.

**Тірек сөздер:** діни ұғымдар, діни тілдік бірліктер, семантикалық өзгеріс, жазба ескерткіштер, кірме сөздер.

**Кіріспесі.** Түркі халықтарының діни наым-сенімдерінен бірден-бір мол мағлumat беретін ортағасырлық жазба ескерткіштерінің бірі – XII ғасырда жазылған Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» діни дидактикалық туындысы. Бұл еңбегін ақын өз заманындағы билік еткен тарихи тұлғаларға арнап жазады. Ахмет Йүгінеки оқырмандарын әділсіздік, қанағатсыздық, надандық сияқты жаман әрекеттерден жириенуді уағыздайды. Ақын үгіт-насихаттарын сараптық пен жомарттықты, надандық пен білімділікте, кішіпейілділік пен тәжілділік пен тәжілділік салыстыра отырып, оны ислам діни тұрығысынан түсіндіруге тырысады. Осылайша байланысты ақын Ақиқатқа жетудің бірден бір жолы – Білім деп, сол Білім арқылы Алланы тануға, Алланың жолына түсуге шакырады.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, талдау мен жинактау, сипаттамалы әдістер басшылыққа алынады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – атальыш шығарма лексикасындағы діни түсініктер мен ұғымдардың қазіргі қазақ тілімен семантикалық сабактастырыны талдау, ерекшелігін анықтау.

Жалпы, кез келген ортағасырлық жазба ескерткіштер мәтіндерінің кай қайсысы болса да Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің іздері айқын аңғарылады. Осымен байланысты діни таным-түсінікке құрылған жазба ескерткіштер мәтіндерінің лексикалық құрамы да көне түркі, діни кірме (араб және парсы) элементтерінен тұратыны белгілі. Яғни, бұл – сол кезеңдегі діни таным-түсінікті, тілдік норманы бейнелейтін құбылыс.

*Бірінші топқа* сол кезеңдегі жалпытүркілік қауым мен бүтінгі күнгі халыққа түсінікті кірме діни тілдік бірліктер мен ұғымдарды жатқызамыз. Мәселен, ақынның жыр жолдарындағы *айыб, аманат, дүге, тәубе, саяаб, құдырет, хайыр, дүние, қанагат, обал*, т.б. діни ұғымдар категориясы бүгінде дәстүрлі нормаға айналған діни құндылықтар жүйесі екені баршамызға аян.

Бұл ұғымдардың ортағасырлық жазба ескерткіштер мәннәтіндегі және бүтінгі тілдік қолданыстағы сабактастықты карастырамыз.

**Айып.** Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінде де жиі ұшырайтын сөздердің бірі – *айып* сөзі. Хадисте: «Біреудің айыбын іздестірмesten өзінің айыбымен шұғылданған кісі нендей жақсы» [1, 358 б.]. Яғни, мұсылман кісіге өзгенің айыбын ашпауға, оны іздестірмейді (казбаламауды) бұйырады.

Бір қызығы, ақынның жыр жолдарында қазіргі тіліміздегі кейбір фразеологиялық тіркестердің төркінін аңғаруға болады. Мәселен, күнәсін өтеді, актады мәннәтінде *айыб кіріні йүйүр – айыбын (күнәсін)* жуды тіркесі кездеседі.

Ахылық қамуғ *айыб кіріні йүйүр*.

*Жомарттың барлық айыптың кірін жусады*

Бұз бір *айыбдын* өтругүзінде үшінде жасағында тірілгүзір кішісіз қалып.

*Бас кесуши бір айыпқа бола дүниеде тірі адамсыз қалады*

Яғни бұл арқылы ақын пайғамбардың мына хадистеріне сүйене отырып, «Аллаһ Тағала бұл дүниеде біреудің кемшілігін жасырған пенденін кемшілігін о дүниеде жасырады» [2, 188] адамның айыбын бетіне баспай, кешірімді болуға шақырады. Тілімізде осымен байланысты «*Адасқанның айыбы жеке, қайтып үйірін тапқан соң, аиылғанның айыбы жеке, өзі біліп жасапқан соң*» сияқты нақыл сөздер қалыптасқан.

**Аманат.** Ақын ислам шаригатында қатаң түрде ескертілетін міндеттердің бірі – *аманат* екенін жыр жолдарында былайша көлтіреді:

Қаны аһд *аманат* қаны едгүлуг

Көні келдүгүнчө хайр кетгүлүг

*Қайда уәдде, аманат, қайда ізгілік,*

*Әділдік келгеніне қайырымындылық кетер*

Бұл жайында пайғамбардың мынадай хадисі бар («Лә имәнә лимән лә әмәнәтә ләһү») «Аманаты жоқтың иманы жоқ» [3, 327 б.]. Бүгінде қазақ халқы аманатты орындауға үлкен мән беріп, орындал болғанша өзінс қарыз санаған. *Біреуден алған аманат, берсең жақсы – саламат*.

**Дұға.** Ақын құран аяттарындағы дұғаға қатысты түсініктемелерді тұпнұсқадағыдан қолданады:

Ая маңда кедін кіліглі мұны

Оқұған дұгада ұнұтма мені

*Уа, менен кейін келген ұрпақтар!*

*Оқысаң, дұға жасағанды мені ұмытпа!*

«Маған дұға жасандар, жауап берейін (қабыл етейін)» делінген («Фафир» сүресі, 60-аят) [4, 6 б.]. Дұғаның қазақ халқы үшін орны ерекше. Осымен байланысты *Көптің дұғасы қабыл, Жаңбырменен жер көгерер, дұғаменен ер көгерер* сияқты нақыл сөздер мен мақал-мәтеддер кездеседі.

**Сабыр.** Ақынның кез келген қызыншылықта үнемі *сабырлы, төзімді болуға шықыратын Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа*

*Күйін-пісін өзіңді отқа құлатта, –* деген жерлер Мұхаммед (с.ғ.с) «Кім үміт етеп отырып сабыр етсе, мұратына жетеді» хадисі негізінде жазылған. Сонымен қатар ақынның

Бәла келсе *сабыр ет* фаррахқа күтүб.

Бәле келсе *сабыр ет, қуанышын күт, -* жолдары бүтінгі тілімізде мақал болып еніп отыр.

**Ажун (дүние).** Ақын Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріндегі бу дүние мен о дүние туралы айтылған тақырыптарды да өлең жолдарында былайша өрнектейді:

Барұрсан бұз маңың *ажунда қалып*.

*Өлесің (жинаған) маңың дүниеде қалады*

Бұз ажун работ ол түшүп көчгүлүг.

*Бұз дүние түсін-кошетін керуен сарай сияқты*

Мұндағы «дүние» сөзімен мағыналас қазіргі тілмізде қолданылмайтын «ажун» сөзі қарахандықтар дәуіріндегі ең жиі қолданылатын тілдік бірлік ретінде танылады.

«Дүние» сөзі «мал-мұлік» мағынасында былайша көрініс табады:

**Бұл дұниа** соңыда йүгүрмек нечо.

Бұл дұние соңында қанша жүгіруге болады

Бұл күн бар йарын йок **бұл дұниа** нәні.

Бұл дұниенің заты бүгін бар болса ертең жоқ.

Мәніг демішің нәң ыдынлар өні.

Менікі дегенің өзгелдердің ениші бол шығады.

Бұл **мал** келсе ерте барұр баз кечэ

Мал таңтерең келсе, кешке қайта кетеді.

Мұхаммед пайғамбардың «Құллі катенің басы – дуниеге қызығушылық» деген сөзін келтіре отырып, бір күндік рахаттың артынан бір азаптың болатынын ескертеді. «Бұл дуниеде қаншама киімдер болғанымен, ақырет

куні жалаңаш болады» [5, 2198 б.].

Тілміздегі «Дүние – қос қақпала керуен сарай» «Дүние жинап не етерсің, бір күн тастап кетерсің» «Дүние малы дұниеде қалар», сияқты афоризмдер ерте кезден келе жатқан діни түсініктер екені анық.

**Обал.** Обал – ислам шариғатындағы маңызды ұғымдардың бірі. Сөздіктерде «обал» деген сөз «артында өте ауыр азабы бар іс-эрекет, құнә, қылмыс, азғындық» деп түсіндіріледі. Қасиетті Құранда: «Олар жасаған істерінің обалын тартады» деген аят бар («Хашыр» сүресі, 15-аят). Бұл аятты мұсылман ғалымдары «Адамдар жасаған құнәлі істерінің жазасын бұл дуниеде де, ақиредте де тартады» деп түсіндірген. Осымен байланысты ақын байлықка құныпқандарды, соның жолымен жүргендеге артық тілеме, оның обалың жүктейсін деген өсietті айтады.

Ол артық тілеме **уабаі** йұтгұлұғ.

Артық тілеме, обал жүктейсің.

Осылайша ақын адамзат баласын

Байлыққа сұқтанбай, тұт қарын токтұғын

(қарынның тоқтығын қанағат ет),

көңгілін чықарғыл тауар суқұлғын

(малға сұқтануды қөнілінен шығар) деген өсietті сөздерімен Алланың бергеніне **қанагат** ету көректігін айтады. Ал байлықты қанша құғанмен Алланың бұйрықымен болатындығын былайша келтіреді:

Бұл байлық чығайлық іді қысматы.

Байлық пен кедейлік Алланың ісі

**Саяап.** Шариғатта «жасалған жақсылық үшін Алла тарапынан берілетін сый» деген терминдік мағынада қолданылады. Алла разылығы үшін жасалған әрбір жақсы іс саяап болып есептеледі.

Қалұр сабыр идісі **саяабын тұтұб**.

Сабырлық ісі саяабын ұстап қалады (АС).

**Мейірімділік.** Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінде «мейірімділік» сөзі Құранның 79 жерінде айтылады. Бұл аяттардағы «мейірімділік» сөзінін мағынасы «Алла Тағаланың пенделеріне екі дуниеде де беретін сансыз нығметтері» деген ұғымға сәйды [6, 162 б.]. Бұл аяттағы діни түсініктерді ақын өлеңдерінде нағыз мұсылманға тән жұмсақ мінез берілгендей мейірімділік сияқты қасиеттерді ерекшелеп көрсетеді. Мәселен,

Мұсұлманға мұшфиқ болұб **меңрубан**.

Өзіңе мейірбандылық көрсеткен мұсылманға мейірімді бол.

Сана сандуғұнны мұсұлманға сан.

Сен де ой-дүниенде мұсылманға бейімде (АС).

Сонымен Ахмет Йұтінеки лексикасындағы айыб, аманат, дұга, тәубе, сауаб, хайыр, дүние, қанагат, обал, мейірімділік, обал, қайыр, т.б. адамның рухани әлемінде қатысты діни ұғымдар мен қолданыстар Ақын Құран аяттары мен хадистердің басшылыққа ала отырып, қогамдағы құбылысқа өз түйіні мен пайымдалауларын өсietті ретінде беріп отырған. Олардың тілміздегі макал-мәтед, накыл сөздер ретінде көрініс табуына, рухани сабактастырыққа көпір болған ортағасыр жазба есекерткіштердің бірегейі – Ахмет Адібтің «Ақиқат сыйы» шығармасы деп толық айта аламыз. Осымен байланысты тілміздегі айыбын жүсіды, аманатқа тапсырыды, амал қылды, сабыр сақтады, саяабын алды, обалына қалды, қанагат тұтты, қайыр қылды, Қайырлы болсын! Қайырын берсін! т.б. қалыптасты.

Екінши топқа мағынасы өзгеріске ұшыраған сөздерді жатқызуға болады. Дегенмен шығармада сөз мағынасының өзгеру құбылысы саны жағынан көп сөздердің қамтымайды. Мысалы, қаза (бұйрық), бәнде (құдайдың құлы), мумин (момын), т.б.

**Қаза бірлә** санчылұр адаққа тікен

Қаза бірлә ілнүр тұзакқа елік

Ақынның айтуынша, аяққа кіретін тікен де бұйрықпен кіреді, ажалы жетсе елік те тұзаққа ілнеді.

Қамуғ тегдечі нәң қазадын ерүр

Укушсыз ер сабабдін көрүр

Қаза бірә ұчған халық құшлары

Қарыға қонар һам қафасқа кірүр

Барлық нәрсе – бір Бұйрықтың ісі еді,

Білмегендер босқа қүйіп-піседі

Азат құстар аспандығы Бұйрықпен,

Қолға қонып, торға да өзі түседі. Қазіргі тілімізде бір ғибадаттың орындалмауы» мағынасында сақталған. Мәселен, құнделікті оқылатын бес намаздың уақытысымен оқылмауы [7], рамазан айында қарыз болған құндерді өтесу мағыналарында жұмысалады.

*Үшінші топқа* Ахмет Йұғінекейдің жазба ескерткішіне ғана тән, қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын түркі, араб және парсы лексикалық тілдік бірліктерді жатқызуға болады.

Қараҳандықтар дәүіріндегі жазба ескерткіштер лексикасының негізгі қабатын құрайтын көне түркі діни сөздерінен Алла есіміне байланысты *Үзен мен Йарын* сөздері кездесіп отырды. Мәселен,

*Үзен* ұхқімі бірлә келүр келгән іш. Әрбір болған іс (Алланың) бұйрығы бойынша болады. Йаратты үзенім түнүң құндызұң (Құдайым /сен үшін/ құн мен түнди жаратты), Сана ранж ана ғанж беріглі үзен (Саған реніш, оған қазына берген құдай), Бұғұн тегсү мендін дуруд ол *Йарын* (Бұғін менен сәлем жетсін, ол Жебеушіме), т.б.

Алла есімін ақын көне парсының Іді, Құдырат, Байат, сондай-ақ, арабтың Иллани, Малик есімдерімен алмастырып, өлең шұмақтарының буын санына ұйқастыра көркем қолданып отырады. Мысалы,

*Илани* кечүргән Ідімсын кечүр (Алла, кешіруші иемсін, кешір), Бұйлыштың ұйқастыра көркем қысматы (Байлық пен кедейлік Алланың ісі), Ұлғысныма зинінәр ұлғұр бір *Байат* (Ұлықсынба, абыла, ұлық бір Құдай), Бұйлыштың ідіци ұлғұр бір *Байат* (Бұйл құдыреттің иесі ұлы бір Құдай), Қазалар йүрүткән йаратқан *Малик* (Қазаны жаратқан да, беретін де Құдай), т.б.

Ақын ислам дінінің бір ағымын танытатын *сопылық танымдағы* мынадай араб және парсы сөздерін кеңінен қолданғанын мына төмөндегі мысалдардан байқаймыз.

*ЗҰНД* (ар.) – *сыйынудан бас тарту*. Амал қойды алем заңед зұнды уара. *Галым еңбек етүді, тақуа Аллагаса сыйынғанын қойды*.

*УАРА* (ар.) – *құдайшылық қылу*. Тұрғұб тілга йүкнұб *таззару'* қылұр. *Тұрғыт, тілге жүсегініп, құлшилық етеді*.

*МАВАИЗ* (ар.) – *уағыз*. Бітідім кітабы маваиз масал. Уағыз, нақыл кітабын жасағып бітірдім.

Бұл мысалдардан Ахмет Йұғінекейдің өз заманында жазылған поэзиялық, прозалық туындылардан нәр алғаны байқалады.

Автор өз ойын, түкпік ниетін жеткізу үшін ен тиімді деп тапқан тілдік құралдарды пайдаланады. Бұл ретте автордың өзіне тән тілдік белгілері айқын көрінеді. Авторлық қолданыстар, әсіресе, теңеулермен, тұракты тіркестермен, мақал-мәттелдермен, бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдармен ерекшеленеді.

Ақынның діни мағынадағы авторлық қолданыстары: *мехнат оты* (азаптың оты), *хелимлік сұзы* (әдептілік сұзы), *азаб кин оты тұтишті* (ашу, кек оты тұтанып), т.б.

Өчер *мехнат оты* кечер наубаты.

*Азаптың оты өшеді, уақыты да кетеді*.

*Йальыңланса тұтишті азаб кин оты һелимлік сұзын* сач ол отны өчур. *Ашу, кек оты тұманып жағындаса, әдептілік сұзын шашып ол отты өшір*.

Бұл ақынның оқырмандарына діни ұстанымдарды астарлап, тұспалдан жеткізудің – сөз мәдениетінің бір көрінісі болса керек. Ахмет ақынның жеке авторлық қолданыстары көбіне-көп өзге ортағасырлық жазба мұраларда кездессе бермейтін, қазіргі қазақ тілінің түсінігіне едәуір жақын келетін метафоралар мен фразеологизмдер, бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдары арқылы көрініс табатынына көз жеткізуге болады. Яғни бұл ақынның өздері сомдаған төл туындысы болып табылады.

Сонымен жазба ескерткіштегі көне түркі және кірме діни бірліктерді қазақ тіліне қатысы тұрғысынан мынадай топтарға бөлуге болады:

• семантикалық өзгеріске ұшырамаған ортак діни тілдік бірліктер мен ұғымдар;

• кейбір семантикалық өзгерістерге ұшыраған діни тілдік бірліктер мен ұғымдар;

• қазіргі қазақ тілі лексикасында қолданылмайтын діни тілдік бірліктер мен ұғымдар.

Қорытындылай келгенде, Ахмет Йұғінеки Құран көрімдегі аяттар мен пайғамбар хадистерін шығармасына арқау ете отырып, оқырмандарын рухани тазалыққа шакырады. Қазіргі қазіргі әдеби тіліндегі адамның рухани әлемін танытатын тілдік бірліктердің, кейбір діни ұғымдардың, мақалдар мен нақыл

сөздердің тәркіні осы қатардағы жазба ескерткіштер мәтіндерінен таба аламыз. Бұл діни ұғымдағы тілдік бірліктер мен мақалдар сол қалпында жетсе, кейбіреулері өзгеріске түсken. Сонымен қатар шығармада сопылық танымдағы тілдік бірліктер де орын алған.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Мухаммад ибн Салама ибн Жағфар Әбу Абдуллах әл-Қадағи. Мұснаду эш-Шинааб. Баспаға әзірлеген Хамди ибн Абдулмажид әс-Салафи. – Бейрут: [2] Muassasatu ar-risala, 1986. (II том). I т. – 358 б. (№ 398 х.). - 448 б.
- [2] Жалалуддин Абдуррахман ибн Әбі Бәкір ас-Суюти. Өл-Фатху әл-қабір фи дамми әз-зиядәту илә әл-жамиғи ас-сағиғ. Баспаға әзірлеген Юсуф ән-Набәәнни. – Бейрут, Лубнан: Дәру әл-Фикр, 2003. III т. - 412 б.
- [3] Абдуррахман Ҳасан әл-Майдани. Rauyaғы мин ақуали ар-Расул (дирасатун, әдебиятун, уә лугауиятун). Бесінші басылым. – Димашқ: Дәр әл-қалам, 1991. - 576 бет.
- [4] Haydar Hatipoğlu. Sünen-i ibni mace tercemesi ve şerhi. – İstanbul, Kahraman yayınları, 1983. Cilt – 10. 6 с. - 672 б.
- [5] Мухаммад ибн Исмайл Әбу Абдуллах әл-Бухари әл-Жүғғи. әл-Жамигү ас-саҳиҳу әл-мухтасар. Баспаға әзірлеген Мустафа Диб әл-Бұға. – Бейрут: Дәр ибн Касир, 1407/1987. (VI том). V т. (№ 5506 х.). - 2409 б..
- [6] Сахих хадистер. Таңдамалы. Бірінші кітап. – Алматы, 2003. – 224 б.
- [7] Қазақ әдеби тілінің сөздігі //URL: <http://kitap.kz>.

УДК 811.512.1'373.46

**А.А.Сейтбекова**

Институт Языкоznания им. А.Байтурсынова МОН РК

### **СЕМАНТИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ С СОВРЕМЕННЫМ КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ РЕЛИГИОЗНЫХ СЛОВ И ПОНЯТИЙ В ПИСЬМЕННОМ ПАМЯТНИКЕ «ПОДАРОК ИСТИНЫ» АХМЕДА ЙУГИНЕКИ**

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности использования семантических оттенков древне-+турецких и арабо-персидских религиозных слов в письменном памятнике Ахмеда Йугинеки «Дар истины», написанной в XII веке эпоху Карабаханидов. Вместе с тем в данном письменном памятнике религиозные понятия и слова с точки зрения семантической взаимосвязи с современным казахским языком подразделяются на три группы. Так к первой группе относятся религиозные языковые единицы и понятия, сохранившие свое значение до настоящего времени; ко второй группе относятся религиозные языковые единицы, подвергшиеся семантическим изменениям; а к третьей группе относятся религиозные языковые единицы, которые находились в обиходе коренного народа того времени, но не понятные современному читателю. Наряду с этим в статье рассматривается использование религиозных языковых единиц, отражающих индивидуально-авторский образ Ахмеда Йугинеки.

**Ключевые слова:** религиозные понятия, религиозные языковые единицы, семантическое изменение, лексика, письменные памятники, заимствованные слова.